



XFTAP 10.77.01

М.А. Алдиярхан

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: matay.aldiar@mail.ru)

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қамаққа алуды жаза ретінде қолданудың кейбір өзекті мәселелері

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында қамаққа алу түріндегі жазаны сотталушыларға қолданудың беретін нәтижелері мен басқа да өзекті құқықтық мәселелері ғылыми тұрғыдан зерттелген. 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған қолданыстағы қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамдық қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді делінген. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіндегі қылмыс пен қылмыстық теріс қылық ұғымдарына түсінік беріп, қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қолданылатын қылмыстық жазаның бір түрі «қамаққа алу» жазасына зерттеу жүргізген.

Мақалада көршілес елдер Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамаларында қамаққа алу жазасының қысқаша тарихына және тәжірибеде қалай қолданылатындығы туралы және Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасымен салыстырмалы зерттеулер жүргізілген.

Автор ұлттық заңнамаға және кейбір шет мемлекеттердің заңнамасына құқықтық талдау жүргізе отырып, жаза ретінде қамаққа алуды қолданудың ұлттық тетігін жетілдіру бойынша өзінің ғылыми тұжырымдарын жасайды.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі; ұлттық заңнама; халықаралық құқықтық стандарт; қылмыстық жаза; қамаққа алу; қамақ үйлері; қылмыстық теріс қылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-138-1-113-123>

Кіріспе

Еліміздің тәуелсіздік алғанына да 30 жыл болып, осы тәуелсіздік жылдарының қиын да болса әртүрлі кезеңдерден өткені баршаға мәлім. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап

Ата заңымызды - Конституцияны қабылдап, Ата заңымызға да және онымен қатар қылмыстық заңнамамызда да уақыт талабына сай көптеген елеулі өзгерістер болды.

Мемлекет пен қоғамның адам және азаматтардың құқықтары, оның бостандықтарының

қорғалуын тиісті деңгейді жүзеге асыруда қылмыстық- құқықтық заңнамамыздың да ерекше орын алатынына дау жоқ. Әрине, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап 1997 жылы 16 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодекстің күші жойылғаны белгілі.

Жаңадан қабылданған қылмыстық кодексіміздің басты міндеттері болып ол: адам, қоғам және мемлекет мүддесін қорғау болып табылады.

2014 жылғы 3 шілдедегі кодексте Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді. Бұндағы қылмыстық теріс қылық ұғымы жаңа қылмыстық заңнамамыздағы жаңа ұғым ретінде енгізіле отырып, қолданысын тапты десек болады.

Қылмыстық кодексте қылмыс ұғымына мынадай: «Айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады»- деген түсінік берілген.

Ал, қылмыстық теріс қылық болса: «Қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін мынадай жауапкершілік: айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады»- делінген.[1]

Қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде: формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды деп көрсетілген болатын.

Бұндағы атап өтетін жайттардың бірі қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін

оған қолданылатын жаза түрі – «қамаққа алу» кодексте қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін ғана қолданылады деп көрсетілген болатын.

Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін елімізде материалдық және іс жүргізу құқығының өзара байланысын ескере отырып, ҚР Қылмыстық-процестік кодексіне іс жүргізудің жаңа түрі енгізілді ол, сотқа дейінгі тергеудің хаттамалық нысаны. Хаттамалық нысан-бұл тергеудің жеделдетілген және сонымен бірге жеңілдетілген түрі. Қылмыстық теріс қылықтар институтының тиімділігі жалпы әлемдік практикамен расталады.

Күдіктіге қатысты жасалған қылмыстық теріс қылықтың мән-жайлары туралы «Хаттама жасау тәртібі» ҚР ҚПК-нің 527-бабына сәйкес хаттама жасалады, онда: оның жасалған уақыты мен орны, кіммен толтырылғаны және т. б. көрсетіледі. [2]

Академик С.З. Зимановтың Қазақтың ата заңдары еңбегінде: «Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер (зындандар) бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру, қылмыстық қудалау болған жоқ. Барлық даулар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік жауапкершілік қолданылды» деп жазылған болатын. [3] Түрмелер мен зындандардың қазақ жерінде болмауына тарихи өзгеріс жасаған Ресей патшалығының отарлау саясатымен қазақ даласына XVIII-XIX ғасыр кезеңінде Ресей заңдарының енуімен қамаққа алу жазасы келді десе болады.

Қазіргі таңдағы еліміздегі сотпен тағайындалған және қамаққа алу жазасының тиісті қолдануына кедергі жасап отырған проблемаларының ішінде қарастыратын мәселенің бірі - ол қамаққа алу үйлерінің жоқтығы, яғни, бірде-біреуі салынбағандығы. 1997 жылдан бастап, осы уақытқа дейін шешімін таппаған, әліде болса толғандыратын мәселелердің бірі десек болады.

Зерттеу әдістері

Ұсынылған зерттеу жұмысында құқықтық зерттеудің жалпы әдістері, логикалық талдудың диалектикалық әдістері кеңінен қолданылды.

Талқылау

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қолданылатын жазаның бір түрі болып –«қамаққа алу» жазасы болып табылады. Қылмыстық заңнамамызды халықаралық-құқықтық стандарттардың нормаларына сәйкестендіру үшін, жаңадан қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын қалыптастыру құқық қолдану практикасына қылмыстық жазалардың жаңа түрлерін қосымша енгізуге негізделіп жасалған болатын.

Қылмыстық заңнаманы қолдану тарихы бізге бас бостандығынан айырудың қысқа мерзімін тағайындамауға үйретеді, өйткені бұл шара тиімсіз болып табылады. 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексін әзірлеу кезінде осы тәжірибені ескере отырып, жазалау жүйесіне бас бостандығынан айырудың қысқа мерзіміне ұқсас жазаның жаңа түрін енгізу, бірақ оны қамаққа алу деп атау туралы шешім қабылданды. Бұл шараның жағымсыз қасиеттерін бейтараптандыру үшін жазаны арнайы қамақ үйлерінде өтеу болып белгіленді және онда тек қамаққа алынғандар ұсталатын түзеу мекемесінің жаңа түрін анықтау туралы шешім қабылданды. [4]

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны пайдалану көлемін қысқарту пенитенциарлық жүйеде пайыз коэффициентін азайту ғана емес, ол мемлекет үшін және қоғам үшін де, заң саласы бойынша зерттеулер жүргізген көптеген ғалымдар дұрыс деген тұжырымдарын келтіреді. Қамаққа алудың мәні сотталғандарды оқшаулап, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінен айыру және шектеулерден тұрады. Қылмыстық жазалардың арасында қамаққа алу ерекше болып табылады. Себебі, ол сотталған адамды қоғамнан қатаң оқшаулауға байланысты жаза ретінде қарастырылады, бірақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза болып есептелмейді. Қамаққа алу жазасын орындау үшін оларға арнайылап салынған қамақ үйлерінде сотталғандарды қоғамнан қысқа мерзімді қатаң оқшаулап ұстау болып табылады.

Алдымен, қамаққа алу жаза түрін талқылауда шет мемлекеттердің тәжірибесіне, олар-

дың заңнамаларына тоқтала кетейік. Мысалы: көршілес ел Ресейде тұтқындау (қамаққа алу) 1845 жылғы қылмыстық және түзеу жазалары туралы кодексте қарастырылған болатын ол үшін ауырлығы төмен қылмыстар үшін жаза ретінде қолданылатын бас бостандығынан айырудың төменгі сатысы болып саналды. Жаза ретінде қамауға алу кінә шарасына байланысты төрт дәрежеге бөлінді: үш аптадан үш айға дейін, жеті күннен үш аптаға дейін, үш күннен жеті күнге дейін, бір күннен үш күнге дейін. Тұтқындалған сотталғандар қамауға арналған үйлерде ұсталды; сонымен бірге олардың негізгі азаматтық құқықтары сақталды. 7 күнге дейінгі мерзімге қамауға алу тұрғылықты жері бойынша өтелуі көзделді. Сотталған офицерлер жазасын гауптвахтада өтеген. Сотталғандарды жынысы, жасы және тектік-топтық құрамы бойынша бөлу көзделді. Жақын туыстары қатты ауырған жағдайда 3 күнге дейін баруға рұқсат етілді. Тұтқындарға киім берілмеді, сотталғандар 7 күннен астам мерзімге мәжбүрлі еңбекке тартылды.

1903 жылғы Қылмыстық кодекске сәйкес қамауға алу бір күннен алты айға дейін, ал кейбір ерекше жағдайларда бір жылға дейін тағайындалуы мүмкін. Бұл жаза қамауға арналған үйлерде өтелді. Кеңестік Қылмыстық кодекстерде қамауға алу жазаның ерекше түрі ретінде ерекшеленбеді. 1922 жылғы РСФСР ҚК жобасын талқылау кезінде қысқа мерзімді қамауға алу түзеу әсерінің шарасы ретінде сотталғандарды жеке камераларға орналастырумен байланысты болуы тиіс екендігі атап өтілді, бұл іс жүзінде іске асырылмады. [5]

Қамаққа алу Ресейдің қылмыстық заңнамасында 1996 жылғы Қылмыстық кодекстің қабылдануымен ғана пайда болады. Ресейдің қолданыстағы қылмыстық Заңында ол жазаның негізгі түрлерінің бірі ретінде тағайындалады (бір айдан алты айға дейін). Егерде тағайындалған жаза міндетті немесе түзеу жұмыстары қамаққа алу жазасымен алмастырылатын болса, онда ол бір айға дейінгі мерзімге тағайындалады. Қамауға алу түріндегі жазаға: қылмыс жасалған уақытта он сегіз жасқа толмаған адамдар (кәмелетке толмағандар), жүкті әйелдер және 14 жасқа дейінгі балалары бар

әйелдер тартылмайды. Әскери қызметшілер қамауға алуды гауптвахтада өтейді. [6]

Ал Беларусь Республикасының қылмыстық заңнамасында, яғни, қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі — БР ҚАК) 59-бабының 2-бөлігіне сәйкес сотталғандарды қамаққа алу жазасын өтеу үшін жалпы режим жағдайында түрмеде жазасын өтеп жүрген сотталғандар үшін белгіленетін ұстау шарттары қолданылады екен. Жалпы қылмыстық құқық теориясында қамаққа алу түріндегі жаза қатысты қысқа мерзімді бас бостандығынан айырумен байланысты әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Мысалы, М. Д. Шаргородский мұндай жазаның тиімсіздігіне былай деп назар аударды: «ол қылмыскерді осындай қысқа мерзімде түзете алмайды» деген тұжырымға келсе, И.Аденес атап өткендей: «түрменің түзету әсеріне сену, демек, қалағаныңызды жарамды деп қабылдау» десе, А. И. Коробеев: «тұтқындау-бұл пенитенциарда қолданылатын таңқаларлық сипаттағы шаралардың классикалық түрі». Бұл жазаны қылмысқа қарсы шаралар жүйесіне енгізген заң шығарушы қамаққа алу қылмыскерлердің белгілі бір санатына қатты психологиялық әсер етеді деп сенгеніне күмән жоқ, олар енді өздері ғана емес, басқаларға да «тапсырыс бермейді» деген болатын. Әрине, осындай қатал режиммен түрмеде болу фактісі көптеген адамдарға ерекше әсер етуі мүмкін деді. Беларусь Республикасының ҚАК 58-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес қамаққа алуға сотталғандар сотталған жері бойынша қамаққа алу үйлерінде жазасын өтейді делінген. Беларусь елінде қамаққа арналған үйлер оқшауланған мекеме ретінде түзеу колонияларының, түрмелердің және тергеу изоляторларының аумағында орналасқан екен.

Қамаққа алудың қылмыстық жаза түрі ретіндегі ерекшелігі қысқа мерзімдермен және барынша шоғырланған, қатаң жазалау ықпалымен айқындалады. Беларусь Республикасы Қылмыстық кодексінің 54-бабының 1-бөлігіне сәйкес жазаның ұзақтығы бір айдан алты айға дейін белгіленеді. Жазаның ең ұзақ мерзімі алты айдан аспауы керек, кәмелетке толмағандар үшін - төрт ай, ал ең төменгісі — бір ай, ал кейбір жағдайларда бір айдан да аз болуы мүмкін. [7]

Ал, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қолданылатын қамаққа алу жазасының санкциясы он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзім деп көрсетілген болатын. Сотталушының ұсталған уақыты қамаққа алу мерзіміне қосылып есептелінеді. Бір ерекшелік, қамаққа алу жазасы кәмелетке толмағандарға қатысты және жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындалмайды. Ал, әскери қызметшілерге болса қамақта болуды гауптвахтада өтейді деп ҚР Қылмыстық кодексінің 45-бабында көрсетілген.

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі негізінде қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеуге арналған сотталған жері бойынша арнаулы қабылдау орындарында (бұдан әрі— АҚО) немесе тергеу изоляторларының оқшаулау учаскелерінде (бұдан әрі – ТИ) жүзеге асырылады.

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыруды «Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 26 шілде 2017 жылғы № 504 бұйрығымен реттеліп жүзеге асырылады.

Ерлер, әйелдер, сондай-ақ бұрын жазасын өткерген және соттылығы бар адамдар бөлек ұсталады. Сотталғандардың ішінде судьялар, құқық қорғау, арнайы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлері, басқа сотталғандардан оқшау ұсталады. Олар күніне ұзақтығы бір жарым сағаттан аспайтын сейілдеу пайдаланылады. Сотталғандар камераларды жабдықтау үшін қойылатын талаптарға сәйкес құлыппен жабылатын жабдықталған жалпы камераларда ұсталады. Сотталғандарды бір адамдық камераларға орналастыру прокурормен санкцияланған АҚО немесе ТИ бастығының дәлелді қаулысы бойынша қарастырылады. [8]

Сотталғандар хат алмасу, адвокаттардың заң көмегін алу, қысқа мерзімді сыртқа шығу сияқты т.б. құқықтарын пайдалануға құқылы.

Отандық ғалым, профессор А.Н. Ағыбаевтың түсіндірмесінде: «Қамаққа алу өзінің мәні жөнінен қысқа мерзімдегі бас бостандығынан айыру болып табылады. Қамаққа алу негізгі жаза ретінде сот арқылы заңда тура көрсетілген ретте ғана тағайындалады» деп көрсеткен. [9]

Ал, профессор И.Ш. Борчашвили: «қамаққа алудың ерекшелігі-бұл жазаның ерекше мәртебесінде, жазаны арнайы мекемелерде өтеуді көздейді, бұл кінәлілерді түзеу колонияларына жіберумен байланысты әлеуметтік жағымсыз салдардың пайда болу қаупін азайтуға мүмкіндік береді» деген болатын. [10] Бұл ғалымдардың пікірімен келісе отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады: қамаққа алу жазасы бас бостандығынан қысқа мерзімге айырудың альтернативті (балама) түрі десек болады. Бірақ, өз ерекшелігімен жеке дара жаза ретінде тиімді жақтарымен жаза жүйесіне енген жаза деп түсінуіміз керек. Ол алғаш құқық бұзған адамдар мен жазасын қамаққа алу түріне ауыстырғандарға және т.б. тұлғаларға қолданылғанда бас бостандығына айырылған адамдармен қылмыстық әлемде бірнеше қылмыс жасаған тұлғалармен қосылуға мүмкіндік бермей, оларға қылмыстық ниет-пиғылдың әсер ету қаупі аз десек болады. Демек, елімізге жаза жүйесінің пенитенциарлық мекемелерінің бір ерекше түрі ретінде қамақ үйлерінің салынуы қылмыстылықпен күресудің бір шешімін табар жолы десек болады.

Профессор А. В. Наумов: «қамаққа алу-бұл қылмыскерге қылмыстық жазаның нені білдіретіні, жазаның бұл түрі ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін екендігі туралы ескерту» деп дұрыс атап өткен болатын.

А.Б. Сакенованың пікірінше, «сотталған әскери қызметшілерге қатысты қамаққа алуды орындау мүмкіндігі қазіргі кезде басқа адамдарға қатысты қамаққа алудан айырмашылығы анағұрлым нақты, өйткені сотталған әскери қызметшілер үшін жеке қамауға алу үйлерін салу қажеттілігі жоқ». Қазақстан

Республикасы Президентінің 2007 жылғы 05 шілдедегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының ішкі қызмет Жарғысының 207-тармағына сәйкес гауптвахта әскери қызметшілерді қамауда ұстау үшін әскери полиция органдары жанында жабдықталған үй-жай деп аталады. [11]

Алайда, бұл пікірмен толықтай келісуге болмайды. Өйткені, қамаққа алу жазасы тек әскери қызметшілерге қатысты тиісті деңгейде орындалауы шешімін тауып отыр ма деген ойға әкелуі мүмкін. Сондықтан, қылмыстық заңнамамыздың жаза жүйесінде ойып орын алып отырған қамаққа алу жазасы соттардың қылмыстық жазаны тағайындау барысында көп ойланбайтын шешім қабылдау үшін, экономикалық, қаржылай шешімді талап ететін болса да, заңнамада көрсетілгендей мемлекет қамақ үйлерін салу үшін нақ шешімін табатын қадамдарға барып, кемінде әр облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда қамақ үйлерін салу қажет деп ойлаймыз. Ал біздің еліміздің тәжірибесінде қамаққа алу жазасын сотталғандар арнаулы қабылдау орындарында, тергеу изоляторларында жазасын өтеуі сотталғандарға жазаны өтеу бойынша тиісті жағдай жасалмағандығы сот тәжірибесінде бұл жазаны қолдануды шектелумен аяқталатыны статистика көрсетіп отыр.

Нәтижелер

Сонымен, Беларусь мемлекетінде қамаққа алу жазасына сотталғандарды ұстау, түзеу мекемелерінің жалпы режимінің тәртібіне сәйкес реттеліп, жүзеге асырылады. Ал, Қазақстанда сотталғандарды қамақта ұстау мерзімі мен тәртібі өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Өйткені, республикамыздағы түзеу мекемелеріндегі сотталушылар материалдық тұрғыдан толықтай мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі. Тек, бір ерекшелік қамаққа алу жазасы қолданылған сотталғандар заттай мүлікпен қамтамасыз етілмейді, оларға азаматтық үлгідегі бір түсті киім, хат жолдау өздерінің есебінен жүргізіледі.

Зерттей келе, біз мынадай ойға келеміз: мысалға, сотталушы заң талаптарына сәйкес жазасын қамаққа алу түрінде өткерді. Бірақ ол жәбірленушіге келтірген зиянын толтырып бермеді, бұл тұрғыда оған қатысты жазадан құтылмайтындық қағидаты қолданылды. Ал, жәбірленушіге оның мүліктік құқықтарына зиян келтірілген мөлшері еш уақытта уақтылы қалпына келтірілмейді. Себебі, ол азаматтық-құқықтық қатынастар арқылы шешіледі. Осы тұрғыда Ресей мемлекетіндегі жазаның бір түрі -міндетті жұмыс сияқты, еліміздегі қамаққа алу жазасына кесілгендерге жәбірленушінің бұзылған мүліктік құқықтарын қалпына келтіру үшін қамақ үйлерінде сотталғандарды белгіленген ақылы жұмыспен қамтамасыз ету қажет деп ойлаймыз.

ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылдың жұмысын қортындылау жыйыны өткен болатын. Қазақстанның «түрме индексі» бойынша жағдайы 5 позицияға жақсарды. Тергеу судьялары материалдарды 8,2%-ға артық (шамамен 100 мың) қарап, қамаққа және үй қамаққа санкция беруден жиі бас тартты. 2020 жылы сотталғандар саны 10%-ға артты (27 мыңнан 30 мыңға) деп мәлімдеген болатын. [12]

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінің алғашқы редакциясында қамаққа алу жазасының мерзімі бір айдан алты айға дейін деп белгіленген болатын.[13] Алайда, қамақ үйлерінің салынбағандығынан бұл жазаны қолдануды кейінге 2003 жылға дейін, одан кейін 2008 жылға дейін шегертілген болатын. Бұл жазаның тәжірибеде нақты қолдануы 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қана қолданысын тапты десек болады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, ҚР Қылмыстық Кодексінің 45-бабында көзделген қамаққа алу сияқты қылмыстық жазаның мұндай түрін соңғы жылдары сот сирек тағайындады. Мысалға, 2017 жылы қамауға алу түріндегі жазаға 10 адамға қатысты қолданылса, 2020 жылы барлығы 4 адамға қатысты қолданылған. Оның ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін 3 адам болса, ал 1 адамға қатысты онша ауыр емес қылмыс жасағаны үшін қолданылған екен.[14]

Ал Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты Жанындағы Сот Департаментінің баспасөз қызметінің дерегіне сүйенсек, 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында екі сотталушыға қамаққа алу жазасы тағайындалған екен.

Әділет министрлігі 2005 жылы қамауға алуды жаза түрлерінен алып тастауды ұсынды. Ведомствоның пайымдауынша, қамауға алу сотталғандарды бас бостандығынан айырылғандармен салыстырғанда қолайсыз жағдайға душар етеді: қамауға алынған сотталғандарға кездесуге, сәлемдемелерге тыйым салынады, олар ақы төленетін жұмысқа тартылмайды, тапқан ақшасына азық-түлік сатып ала алмайды, сондай-ақ жалпы және кәсіптік білім алу мүмкіндігінен айырылады. [15] Бұл ұсыныстың негізінде жатқан келелі мәселелер біздің елімізде де орын алып тұрғаны белгілі. Бірақ, қамаққа алу жазасын заңнамамыздан алып тастау бір жағынан тиімсіз, жоғарыда атап өткендей бұл жаза өз ерекшелігімен сипатталады, яғни, бұл жаза түрін алып тастап сотталған адамдарға қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру жазасын барлығына қолданатын болсақ, онда алғаш рет сотталған адамға түзеу мекемелерінде қылмыстық әлемнің әдеп-ғұрыптары әсер етіп, одан ол тұлға қайтып құқық бұзушылық жасамауына кім кепіл. Демек, барлық сотталғандар өз өмірлік парақшасына соттылық деген таңбаны басып алып шығатыны айқын. Ал оның салдары қоғамымызда жұмысқа орналасуға кедергі жасайтыны баршаға мәлім.

Сот үкімдерінің статистикасына сүйенетін болсақ негізінен, бас бостандығынан айырумен байланысты емес нақты жазаларды қолдану мүмкіндігінің болмауына байланысты, белгілі бір мерзімге шартты түрде бас бостандығынан айыруды шектеусіз қолдану кезінде құқық қолданушының жазаның бұлтартпастығы қағидатын ұстанатынын көрсетеді. Бұл көбінесе қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары жүйесінде қалыптасқан, қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстары және қамаққа алу түріндегі жазаларды қолдануға енгізуді кейінге қалдыру салдарынан бас бостандығынан айыру мен бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалар арасын-

дағы алшақтыққа байланысты. Мұның нәтижесі шартты түрде сотталғандардың қайта қылмыс жасауына әкеп соғады. Сондықтан, қамаққа алу жазасы қылмыстық заңнамада тек орын алып қана тұрмай, іс жүзінде жүзеге асырылатын шешімін табуы тиіс. Қылмыстық теріс қылық жасаған тұлғаларға қатысты оның ішінде құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған тұлғаларға және өзге де айыппұл, түзеу жұмыстары немесе қоғамдық жұмыстарға тарту сияқты жазаларды қамаққа алумен ауыстырғандарға да ерекше әсер етіп, қайталап құқық бұзушылық жасауға ескерту сипатымен орын алады деп ойлаймыз.

Бұл тұрғыда қамаққа алу жазасын қорқытушылық сипатымен ғана құқық бұзушы тұлғаға ықпал етуімен ғана емес, тәрбиелік сипатта жазаның негізгі мақсаттары ретінде де ол жазаның түпкілікті мақсатына жетуі тиіс. Сол себептен, мемлекет тарапынан қамақ үйлерін салу жедел шешімін табуы тиіс және де қамаққа алу мерзімі қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын жазалардың ішіндегі ауыр жаза ретінде санасақ, қамаққа алудың мерзімі он тәуліктен елу тәулікке дейінгі уақыт өте аз десек болады. Яғни, сотталушыға «шоктық» әсерден бөлек, тәрбиелік ықпалы бар шараларды қолдану қажет. Ол үшін біріншіден, қамаққа алу мерзімінің санкциясын кемінде бір айдан алты айға дейін ұзарта отырып, арнайы қамақ үйлерінде ақылы жұмыс жасай алатындай жағдайларды ұйымдастыру қажет. Екіншіден, әр түрлі үйірмелерден адамның ыңғайына қарай қысқа мерзімде бір кәсіптік шеберлікке оқытып, біліктілік сертификатын беретін жағдай жасау қажет. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін сотталған тұлғаға аз уақыт ішінде құқықтық ықпал ету нәтижесін береді деп ойламаймыз.

Мысалға, 2020 жылдың қаңтар айында азамат Н. қатысты Алматы қаласының №2 Медеу аудандық сотымен ҚР ҚК 296 бабы, 2 бөлігімен мемлекет пайдасына (20 айлық есептік көрсеткіш) 53 020 теңге мөлшерінде айыппұл өндіру туралы үкім шығарылған болатын. Ол бойынша атқару өндірісі жүргізіліп, сот орындаушымен 2020 жылдың желтоқсан айына дейін

айыппұл өндірілмеген. Себебі, сотталған Н. ерікті түрде бір ай ішінде төлей алмай жалтарған, соңында сот орындаушы басқа жазамен ауыстыруды сұраған. ҚР Қылмыстық кодекстің 41 бабтың 6 бөлігінде былай делінген: «қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталғандарға – төленбеген айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткіші үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен, яғни, қоғамдық жұмыстарға тартумен, не төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулік мерзім есебімен қамаққа алу жазасымен алмастырылады». Ол бойынша сот орындаушысының ұсынысымен №2 Медеу аудандық соты 2020 жылдың желтоқсан айында азамат Н. – нан мемлекет пайдасына (20 айлық есептік көрсеткіш) 53 020 теңге мөлшерінде айыппұл өндіру туралы үкімді 20 сағат қоғамдық жұмыстарға тартуға ауыстырған. [16] Бұл бір мысалдың өзінен байқауға болатынымыз сотталушыға қатысты қолданылған жаза айыппұл 1 жылға дейін орындалуын таппай, 1 ай ішінде төлеу міндеттемесін сотталушы тарапынан орындалмаған. Мұндай сотталушыларға қатысты жазаны дер кезінде алмастыру, яғни қамаққа алу түріндегі жазаны қолдану сотталушыға қылмыстық-құқықтық ықпалын тигізер зор үлесі бар деп ойлаймыз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Ресей мен Беларусь елдерінің заңнамаларында қамаққа алудың шекті мөлшері 6 айға дейін деп көрсетілген. Біздің пікірімізше, қамаққа алудың шекті мөлшерін осындай мерзімде көрсету дұрыс. Себебі, қысқа мерзімге қамаққа алу жазаның мақсатына жетуге нәтиже бермейді. ҚР Қылмыстық кодексінің 39- бабында қылмыстық жазаның мақсаты: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады» деп белгіленген. [1] Демек, сотталушыны түзеу үшін, қамаққа алу жазасының мерзімін алты айға дейін

ұзарту оның сотталған тұлғаға тиімді әсерін береді деп ойлаймыз. Ал, қамаққа алу жазасын қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін қолданылатын болғандықтан оны сотталушыны қоғамнан оқшаулап ұстаудың бас бостандығынан айырудың альтернативті (балама) жеңілдетілген түрі деп қарастырғанымыз жөн. Ендеше, ҚР Қылмыстық заңнамасына қылмыстық жазаның әлеуетін арттыру мен оңтайландыру жолында мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп санаймыз:

- Қамаққа алуды бір айдан алты айға дейінгі уақытқа қолдануды ҚР Қылмыстық кодексінің 45-бабының санкциясына өзгерту енгізу керек;

- Қамақ үйлерін арнаулы қабылдау орындары мен тергеу изоляторларынан бөлек оқшаулау жерлерге салу. Құрылысты бастапқыда Республикалық маңызы бар қалалар мен әрбір облыстарға салудан бастау қажет.

- Онда сотталушы ақылы еңбекпен жұмыс жасай алатын жағдай туғызуды қарастыру керек және мемлекетке, сотталған адамға пайдалы қоғамдық жұмыстарға тартуға, қысқа мерзімдік кәсіби шеберлікке оқытатын курстар мен біліктілік сертификатын беретін оқу орталықтарды ұйымдастыру қажет.

Қамаққа алу сотталушыға қысқа мерзімді, бірақ өте ауыр әсер етумен байланысты екендігі атап өтілді. Қамаққа алу бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтемеген адамға

күшті түзету әсерін тигізеді деген қорытындыға келеміз.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолданудың заңнамалық шектерін ғылыми негізделген, оны тәжірибеде қолдануды кеңейту пенитенциарлық жүйені ізгілендіруге жағдай жасайды деген тұжырым бар. Жазаларды қолдануда олардың нәтижелілігі, гуманизм мен әділдік қағидасы рухында жетілдіруді осы келелі мәселеге жүйелі көзқарасыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Ғылымның әртүрлі салаларындағы құбылыстарды зерттеудің жүйелі тәсілін қылмыстық-құқықтық ғылымда елемей кетпеуге болмайды. Егер ғылыми әзірлемелер оның терең тарихи дамуындағы қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары жүйесін салыстырусыз және жеткілікті зерттеусіз жүргізілсе, Қазақстанда қалыптасқан қылмыстық жазалау жүйесінің элементтерін шет елдердегі жазалау жүйелерінің элементтерімен салыстырса және шетелдік тәжірибені қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қолданыстағы жүйесіне қосу мүмкіндігін қарастырса, жұмыс нәтижелі болар еді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстерінің жетілдірілуімен қазіргі заманғы шындыққа және жалпы қабылданған халықаралық заң нормаларына сәйкес келуі мүмкін болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі (07.07.2020ж. өзгертулермен және толықтырулармен). [Электронды ресурс] - URL:<http://adilet.zan.kz/docs/K1400000226#z1708> (қаралған күні 17.02.2021).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚР заңы [Электронды ресурс] - URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (қаралған күні 17.02.2021).
3. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. Древний мир права казахов: 10 томдық/бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. - Алматы: Жеті жарғы, 2003.-464 бет. 2-ші том, 8-бет.
4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть. Учебник. Отв. Ред. - д.ю.н., проф. И.И. Рогов и д.ю.н., проф. К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - 448 с., 272 - стр.
5. Уголовное право. Общая часть: Учебник для вузов/отв.ред Козаченко И.Я., Незнамова З.А. – 3 изд. С изм. и доп. Ковалев М.И., Кондрашова Т.В. Издательство: Норма-Инфра-М; ISBN: 5-16-000573-0, 5-89123-510-2; 2004 г., Москва, 576 страниц (362-363 стр.).

6. «Уголовный кодекс Российской Федерации» от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред.от24.02.2021) ст.54, [Электронды ресурс] - URL:http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699 (қаралған күні 05.02.2021).
7. Кузьменкова С. В. Характерные черты уголовного наказания в виде ареста // Актуальные проблемы права : материалы III Международной научной конференции. - Москва, 2014г. - Стр.133-135. / URL:<https://moluch.ru/conf/law/archive/139/6590>
8. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 504 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 тамызда № 15551 болып тіркелді [Электронды ресурс] / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015551> (қаралған күні 17.02.2021);
9. А.Н. Ағыбаев., Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндерме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 бет. (169-бет);
10. Комментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части / Под общ. ред. И.Ш. Борчашвили. Изд. 2-е – Алматы: Жеті Жарғы, 2007. – 992 с. (137-бет);
11. Сакенова А.Б., Некоторые аспекты теории и практики назначения наказания по уголовному законодательству Республики Казахстан., диссертация на соискание степени доктора философии (PhD), Караганда, 2017 г. (113-117 стр).
12. ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылдың жұмысын қортындылады [Электронды ресурс] -URL:<https://zanmedia.kz/55766/zhogarty-sot-2020-zhyly-zhyumystry-qorytyndylady> (қаралған күні 18.02.2021).
13. Уголовный кодекс Республики Казахстан (в сравнении с УК КАЗ.ССР): Учебно-практическое пособие. - Алматы: Издательство НОРМА-К, 2002. – 200с. (18-стр.).
14. ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сайты: [Электронды ресурс]- URL:[https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravs at](https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravs%20at) (қаралған күні 18.02.2021).
15. РФ за половину 2020 года всего дважды назначили наказание в виде ареста [Электронды ресурс] - http://rapsinews.ru/judicial_department_mm/20201016/306399721.html (қаралған күні 15.10.2021).
16. 03.12.2020 жылғы Алматы қаласы, №2 Медеу аудандық сотының қаулысы//Банк судебных актов сайт Верховного суда РК. [Электронды ресурс]- URL:<https://sud.gov.kz/rus/bank> (қаралған күні 18.02.2021).

М.А. Алдиярхан

Алматинская академия МВД РК им. М. Есбулатова, Алматы, Казахстан

Некоторые актуальные проблемы применения ареста в качестве наказания в соответствии с законодательством Республики Казахстан

Аннотация. Автором с научной точки зрения изучены результаты и другие актуальные правовые вопросы применения наказания в виде ареста для осужденных в соответствии с уголовным законодательством Республики Казахстан. В действующем Уголовном кодексе, принятом 3 июля 2014 года, говорится, что уголовные правонарушения в зависимости от степени общественной опасности и наказуемости подразделяются на преступления и уголовные проступки. Проведено научное исследование в отношении уголовного наказания в виде «ареста», применяемого за совершение уголовного проступка. Также дается разъяснение понятиям преступления и уголовного проступка в Уголовном кодексе Республики Казахстан.

В статье приведены сравнительные исследования краткой истории и практики применения наказания под арестом в законодательстве Республики Беларусь и Российской Федерации, а также в уголовном законодательстве Республики Казахстан.

Автор, проводя правовой анализ национального законодательства и законодательства некоторых иностранных государств, делает свои научные выводы по совершенствованию национального механизма применения ареста в качестве наказания.

Ключевые слова: Уголовный кодекс Республики Казахстан; национальное законодательство; международно-правовой стандарт; уголовное наказание; арест; арестные дома; уголовный проступок.

M.A. Aldiyarkhan

*Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after M. Esbolatov, Almaty, Kazakhstan*

Some vital aspects of using the arrest as a punishment in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article investigates results and other relevant legal issues of the use of punishment in the form of arrest by convicts in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan. The current Criminal Code, adopted on July 3, 2014, states that criminal offenses, depending on the degree of public danger and punishability, are divided into crimes and criminal offenses. I conducted a study on the type of criminal punishment in the form of «arrest» used for committing a criminal offense. An explanation is also given on the concept of a crime and a criminal offense in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

The article represents comparative research of the brief history and practice of applying punishment under arrest in the legislation of the Republic of Belarus and the Russian Federation, as well as in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan.

The author makes his scientific conclusions for improving the national mechanism for applying arrest as a punishment conducting a legal analysis of national legislation and the legislation of some foreign states.

Keywords: Criminal Code of the Republic of Kazakhstan; national legislation; international legal standard; criminal punishment; arrest; houses of detention; criminal offense.

References

1. Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 3 shildedegi Kylmystyk kodeksi (07.07.2020 ozgertulermen zhane tolyktyrularmen) [The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014]. [Electronic resource] - Available at:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1708> (Accessed: 17.02.2021) [in Kazakh].
2. Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 4 shildedegi Kylmystyk-prosestik kodeksi № 231-V KR zany [Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan law of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 No. 231-V [electronic resource] / URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (Accessed: 17.02.2021) [in Kazakh].
3. Kazaktyn ata zandary: qūzhattar, derekter zhane zertteuler-Drevnij mir prava kazahov: 10 tomdyk/bagdarlama zhetekshisi S.Z. Zimanov.- Almaty: ZHeti zhargy, 2003.-464 bet. 2-shi tom, 8-bet [Kazakh Basic Laws: documents, data and research-ancient world of rights of Kazakhs: 10 volumes/head of the program S. Z. Zimanov. Almaty: Zheti zhargy, 2003.-464 pages. Volume 2, page 8].
4. Ugolovnoe pravo Respubliki Kazahstan: Obshchaya chast'. Uchebnik. Otv. Red. – prof. I.I. Rogov, prof. K.ZH. Baltabaev. – Almaty: ZHeti zhargy, 2016. – 448 s., 272- str.; [Criminal Law of the Republic of Kazakhstan: General part'. Textbook. Ed. - Prof. I.I. Rogov and prof. K.ZH. Baltabaev– - Almaty: ZHeti zhargy, 2016– - 448 s., 272- str.].
5. Ugolovnoe pravo. Obshchaya chast': Uchebnik dlya vuzov/otv.red Kozachenko I.YA., Neznamova Z.A. -3izd. S izm. i dop. Kovalev M.I., Kondrashova T.V. [Criminal law. General part: Textbook for universities/ ed. Kozachenko I. Ya., Neznamova Z. A. -3 ed. With changes and additions. Kovalev M. I., Kondrashova T. V. Publishing House: Norma-Infra-M; ISBN: 5-16-000573-0, 5-89123-510-2; 2004, Moscow, 576 pages. (362-363 pages.)]
6. «Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii» ot 13.06.1996 N 63-FZ (red.ot24.02.2021) st.54, [«The code of the Russian Federation» dated 13.06.1996 N 63-FZ,] electronic resource//URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699 (Accessed: 17.02.2021) [in Russian].
7. Kuz'menkova S. V. Harakternye cherty ugolovnogo nakazaniya v vide aresta //Aktual'nye problemy prava: materialy III Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii g. Moskva, 2014 g. [Kuzmenkova S. V. Characteristic features of criminal punishment in the form of arrest // Actual problems of law: materials of the III International Scientific Conference. – Moscow, 2014, conference collection. (pp. 133-135).] - [electronic resource] /URL://<https://moluch.ru/conf/law/archive/139/6590> (Accessed: 17.02.2021) [in Russian].
8. Kamakka alu tyrindegi zhazany oryndaudy zhyzege asyratyn arnauy mekemelerdin kyzmeti men ishki tartiptemesin yimdastyru kagidalaryn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ishki ister ministrinin

2017 zhylgy 26 shildedegi № 504 byirygy. Kazakstan Respublikasynyn Adilet ministrliginde 2017 zhylgy 24 tamyzda № 15551 bolyp tirkeldi [Order of the Minister of internal affairs of the Republic of Kazakhstan dated July 26, 2017 No. 504 on approval of the rules for the organization of activities and internal regulations of special institutions performing punishments in the form of arrest. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on August 24, 2017 No. 15551] [electronic resource] / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015551> (Accessed: 17.02.2021), [in Kazakh].

9. A.N. Agybaev., Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksine tusinderme. ZHalpy zhane Erekshe bolikter. – Almaty: ZHeti ZHargy, 2015. – 768 bet. (169-bet); [A. N. Agybayev., Interpretation of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. General and special parts. - Almaty: Zheti Zhargy, 2015. - 768 pages. (Page 169)].

10. Kommentarij k ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Obshchaya i Osobennaya chasti / Pod obshch. red. I.SH. Borchashvili. Izd. 2-e – Almaty: ZHeti ZHargy, 2007. – 992 s. (137-bet); [Interpretation to the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. General and Special parts / Under the general editorship of I.S. Borchashvili. 2nd edition - Almaty: Zheti Zhargy, 2007. - 992 p. (137-bet)].

11. Sakenova A.B., Nekotorye aspekty teorii i praktiki naznacheniya nakazaniya po ugolovnomu zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan., dissertaciya na soiskanie stepeni doktora filosofii (RhD), Karaganda, 2017 g. (113-117 str); [Sakenova A.B., Some aspects of the theory and practice of sentencing under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan., dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD), Karaganda, 2017 (113-117 pages)].

12. KR ZHogargy Sotynyn 2020 zhyldyn zhymysyn korytyndylady [Summing up the work of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan for 2020], [electronic resource] URL:<https://zanmedia.kz/55766/zhogargy-sot-2020-zhylgy-zhumysty-korytyndylady> (Accessed: 18.02.2021) [in Kazakh].

13. Ugolovnyj kodeks Respubliki Kazahstan (v sravnenii s UK KAZ.SSR): Uchebno-prakticheskoe posobie. - Almaty: Izdatel'stvo NORMA-K, 2002. – 200s. (18-str.); [The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan (in comparison with the Criminal Code of the Kazakh SSR): An educational and practical guide. - Almaty: NORMA-K Publishing House, 2002. - 200s. (18-p.)].

14. KR Bas prokuraturasynyn kykyktyk statistika zhane arnaly esepke alu zhonindegi komitetinin sajty: [Website of the committee on legal statistics and special records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan] [electronic resource] URL:[https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/ Services / Pravs](https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravs) at (Accessed: 18.02.2021), [in Kazakh].

15. RF za polovinu 2020 goda vsego dvazhdy naznachili nakazanie v vide aresta [http://rapsinews.ru/judicial_department_mm/20201016/306399721.ht ml](http://rapsinews.ru/judicial_department_mm/20201016/306399721.html) (qaralghan kuni 15.10.2021); [The Russian Federation has been sentenced to arrest only twice in the half of 2020 [Electronic resource]- URL:http://rapsinews.ru/judicial_department_mm/20201016/306399721.html] (Accessed: 15.10.2021), [in Russian].

16. 03.12.2020 zhylgy Almaty kalasy, №2 Medeu audandyk sotynyn kaulysy//Bank sudebnyh aktov sajt Verhovnogo suda RK. [Decision of the Medeu District Court No. 2 of Almaty dated 03.12.2020//Bank of judicial acts on the website of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource] URL:<https://sud.gov.kz/rus/bank> (Accessed: 18.02.2021), [in Kazakh].

Автор туралы мәлімет:

Алдиярхан М.А. – заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны, докторант, М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ҚР Ішкі істер министрлігі, Өтепов көшесі 29, Алматы, Қазақстан. [matay.aldiar@mail.ru](mailto:aldiar@mail.ru)

Aldiyarkhan M.A. – Master of Law, doctoral student, police captain, Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov, 29 Utepova str., Almaty, Kazakhstan. matay.aldiar@mail.ru